

Сын есім

Сын есім – дегеніміз заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы.

Сұрақтары: қандай? Қай?

Тұлғасына қарай

```
graph TD; A[Тұлғасына қарай] --> B{Тұлғасына қарай}; A --> C{Туынды}; B --> D[Түбір сын есім. (сары, таза, тәтті, терең)]; C --> E[Жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есім. (Көшпелі, оқымысты)];
```

Тұлғасына
қарай

Түбір сын
есім. (сары,
таза, тәтті,
терең)

Туынды

Жұрнақ
жалғану
арқылы
жасалған сын
есім. (Көшпелі,
оқымысты)

Құрамына қарай

```
graph TD; A[Құрамына қарай] --> B[Дара]; A --> C[Күрделі]; B --> D[Бір ғана сын есімнің сындық белгіні білдіруі. (ақ, бойшаң, жасыл)]; C --> E[Тіркескен және қосарланған сын есімнің сындық белгіні білдіруі. (ақ киімді, қара торы)];
```

Дара

Бір ғана сын есімнің сындық белгіні білдіруі.
(ақ, бойшаң, жасыл)

Күрделі

Тіркескен және қосарланған сын есімнің сындық белгіні білдіруі.
(ақ киімді, қара торы)

Мағынасына қарай

Сапалық

СЫНДЫҚ
белгіні
анықтайты
н ТӨЛ СЫН
есім. (сұр,
қызылдау,
үлкен)

Қатыстық

Басқа сөз
таптарынан
жасалған
туынды СЫН
есім.
(бойшаң,
өнерлі)

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар

Есім сөздерден
сын есім
жасайтын

Етістіктен сын
есім жасайтын

Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар

Жұрнақ	Мысал
1. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті;	1. Далалы, орманлы;
2. -сыз, -сіз	2. Баласыз;
3. -ғы, -гі, -қы, -кі	3. Жазғы, ішкі;
4. -лық, -лік, -тық, -тік, -дық, -дік;	4. Балалық;
5. -шыл, -шіл	5. Кекшіл;
6. -шаң, -шең	6. Бойшаң;
7. -дай, -дей, -тай, -тей;	7. Тастай, судай;
8. -қой, -қор, -паз, -кер, -гер;	8. Сәнқой, әуесқой;
9. -и, -ы, -і	9. Тарихи, қазақы

Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар


Жұрнақ	Мысал
1. -ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек;	1. Жабысқақ, үркек
2. -ық, -ік, -к, -қ;	2. Ашақ, асқақ
3. -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш;	3. Білгіш, айтқыш
4. -ғыр, -гір, -қыр, -кір;	4. Тапқыр, алғыр
5. -шақ, -шек;	5. Ұялшақ
6. -ынды, -інді, -нды, -нді;	6. Асыранды, үйінді
7. -малы, -мелі, -палы, -пелі, -балы, -белі;	7. Созбалы, аспалы
8. -ымды, -імді, -мды, -мді;	8. Шыдамды
9. -аған, -еген;	9. Қабаған
10. -улы, -улі;	10. Ілулі, асулы
11. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе;	11. Қызба, бөспе
12. -ыңқы, -іңкі, -ңқы, ңкі.	12. басыңқы, көтеріңкі

Сын есімнің шырайлары

Екі заттың сын - сипатының бір – бірінен артық немесе кем екенін көрсету үшін шырай қолданылады.



Шырай



Жай
шырай

Салыстырмалы
шырай

Күшейтпелі
шырай

Асырмалы
шырай

Жай шырай

Салыстырмалы шырай

Күшейтпелі шырай

Асырмалы шырай

Шырай түрлерінің бәріне негіз болады, оның арнайы грамматикалық көрсеткіштері, қосымшалары жоқ, түбір күйінде болады.

Бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда кем не артық екенін білдіретін шырайдың түрі.

Жасалу жолдары:

1. -ырақ, -ірек, -рақ, -рек (кішірек)
2. -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу (ақтау)
3. -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -ғылтым (сұрғылтым)
4. -аң, -шыл, -шіл, -қай, -ғыш, -шілтім, -ілдір, -ша, -ше (ақшыл, бозаң)

Белгілі бірсындық белгінің бір нәрседен өте артық не өте кем екенін білдіретін шырайдың түрі. Ол сын есімнің алдынан күшейткіш буынның қосылуы арқылы жасалады: сап – сары.

Сын есімнің күшейткіш үстеуімен (тым, өте, ең, аса, нақ т.б.) тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: тым аур, аса әдемі

Ескерту:

Ақ, көк сөздерінің күшейтпелі шырай түрі төмендегідей болады: аппақ, көкпеңбек.

Сын есімнің сөйлемдегі қызметі:

Сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады.
Қырдағы қызыл – сары гүлдер көздің жауын алады.

Заттанған сын есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады. Сыпайы сырын сақтар, әдепті арын сақтар.

Заттанған сын есім септеліп, толықтауыш болады.
Жақсыдан үйрен жаманнан жирен.


Сын есім етістіктің алдында келіп, іс – әрекеттің сынын білдіріп, пысықтауыш болады. Ол бүгін көңілді жүр.

Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады. Сен үйдің үлкенісің.

Сын есімнің заттануы

Сын есім өзінің сындық мағынасын сақтап, оның үстіне заттық мағынаға да ие бола алады және сөйлемде зат есім қызметін атқарады. Оны сын есімнің заттануы (субстантивтенуі) деп атаймыз. Мысалы күштімен алыспа, үлкенді сыйла.

1. Мына сөздер мен жұрнақтардан қатыстық сын есім жаса



2. Мына сөйлемдерден сын есімді тауып, мағынасына, тұлғасына, құрамына қарай қай сын есім түріне жататынын тап. Сөйлем мүшесінің қай түріне жататынын ата.

1. Үйдің ауласындағы заттар ұқыпты жиналыпты.
2. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа.
3. Туған жер, сен неткен көріктісің.
4. Сөйлеушің судай есілген, тыңдаушың бордай езілген.
5. Біп-биік тау шыңы көгілдір аспанмен тілдесіп тұрғандай.

3. Тест

1. Заттанған сын есімнен жасалған толықтауышты табыңыз!

- A. Ілім – дария көл, надандық сусыз шөл
- B. Жаманға сөз айтсаң, ақыл таппас жауап айтады.
- C. Ақымақ бұзауға бар, түзеуге жоқ.
- D. Ердің атын еңбек шығарады.
- E. Жаман өз үйінде өзі қонақ

2. Анықтауыш қызметін атқарып тұрған қатыстық сын есімді табыңыз!

- A. Сәтжанның қабағы қатулы.
- B. Омар сабақты жақсы оқиды.
- C. Қоңыр шашының арасынан бас құйқасы көрінді.
- D. Адам – тастай берік, гүлдей нәзік жаратылыс.

3. Күрделі сын есімнен жасалған анықтауышты табыңыз!

- A. Керегетастың азу – азу, ирек – ирек тас биіктеріне күн сәулесі ілінді.
- B. Күздің әдемі күні туып келеді.
- C. Ақшыл бұлттан аспан ашылды.
- D. Зейнеп – көрегенді, тәрбиелі қыз.
- E. Жан – жақтан көк шалғынның жусанының иісі шықты.

4. Негізгі сын есімнен жасалған бастауышты табыңыз!

- A. Арман – адам қанаты.
- B. Көрмес – түйені де көрмес.
- C. Айла - алтау, ақыл – жетеу.
- D. Көне сө – жаңа сөздің қазығы
- E. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.

5. Салыстырмалы шырай қатысқан сөйлемді анықтаңыз.

- A. Әуе түп – тұнық, жібектей жұмсақ.
- B. Көкшенің қыр арқасы көкшіл гаухар тас сияқтанып тұр.
- C. Күнге шағылысқан аппақ қар көзінді аштырмайды.
- D. Жуас торы ат үріккен жоқ.
- E. Ақкөңіл, өте қарапайым адамдар екен.

6. «Көкпеңбек, аппақ» сөздері қай шырайда қолданылады?

- A. Жай шырай
- B. Асырмалы шырай
- C. Күшейтпелі шырай
- D. Шырайы жоқ
- E. Салыстармалы шырай

7. Сапалық сын есімнен жасалған баяндауышты табыңыз!

- A. Өнерлі бала сүйкімді.
- B. Көп сөз – күміс.
- C. Ел жақсымен көрісті
- D. Халық сөзі – қаһарлы.
- E. Отан – оттан да ыстық.

8. Туынды сын есімді табыңыз!

- A. Жылтыр
- B. Биік
- C. Момын
- D. Кенді
- E. Жұмсақ

Жауаптар:

1. В
2. Е
3. А
4. Е
5. В
6. С
7. В
8. Д